

Е.А. ЕСКЕРМЕС<sup>1</sup> , Ә.Ж. ЖАПАРОВА<sup>2</sup> <sup>1</sup>әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранты  
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: ayeskermesova@mail.ru<sup>2</sup>филология ғылымдарының докторы,  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры  
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: asemzhan@mail.ru

### ФЕЕРИЯНЫҢ СИПАТЫ МЕН БЕЛГІЛЕРІ (XX ғасырдың басындағы әдеби шығармалар мысалдарында)

**Аңдатпа.** Феерия – бұл әдебиет, театр және көркемдік экспрессияның әртүрлі формаларына тән және сиқырмен байланысты термин. Мақаланың өзектілігі жалпы көркем әдебиеттегі құрылым мен композиция контекстінде және А. Гриннің «Алқызыл желкендер», М. Метерлинктің «Көк құс», Леся Украинканың «Орман әні» туындыларының мысалдарында феерияны жанрлық тұрғыда және құрылымдық аспектіде талдаумен сипатталады. Талдау нысанына алынған көркем шығармалардың мысалдары негізінде әдеби контексте феерия табиғатын жан-жақты таныту жүзеге асырылады. Бұл мақаланың мақсаты – феерияның өзіндік ерекшелігін және оның шығармадағы көріністерін анықтау. Көркем туынды мәтіндері негізінде феерияны талдау кезінде салыстырмалы және жинақтау әдістері қолданылды. Феерияның жекелеген компоненттері болып саналатын кейіпкерлерді, ситуацияларды, тартыстарды, бейнелерді қарастыруға ерекше назар аударылды. Туындыларда феерияның басқа жанрлық түрлермен (ертегі, мифология, фэнтези) өзара әрекеттесуі және олардың жеке қасиеттерінің интеграциясы да көрінеді. Осылайша, әр түрлі шығармалардағы феерияның ерекшеліктерін салыстырмалы талдау феерия жанрын айқындаудың маңызды критерийлерін анықтауға мүмкіндік берді. XX ғасырдың басында жазылған әдеби феериялардың жанрлық сипатын танытуға, мәтіндік салыстыру арқылы олардың ортақ сипаттары мен ерекшеліктерін анықтауға қол жеткізілді. Зерттеу нәтижесінде көркем шығармаларда феерия театр саласына тән қасиеттерін ішінара сақтайды деген қорытынды шығарылады.

**Кілт сөздер:** феерия, формалдық белгілері, феериялық эффект, фантастикалық элементтер, метаморфоздар.

---

#### \*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Ескермес Е.А., Жапарова Ә.Ж. Феерияның сипаты мен белгілері (XX ғасырдың басындағы әдеби шығармалар мысалдарында) // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №3 (129). – Б. 176–186. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.13>

#### \*Cite us correctly:

Eskermes E.A., Japarova A.J. Feerianyn sipaty men belgileri (XX gasyrdyn basyndagy adebi shygarmalar mysaldarynda) [Characteristics and Signs of Féerie (Based on Examples of Literary Works of the Early XX century)] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2023. – №3 (129). – B. 176–186. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.13>

**Ү.А. Yeskermes<sup>1</sup>, А.Ж. Zhaparova<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*Master's Student of Al-Farabi Kazakh National University  
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: ayeskermesova@mail.ru*

<sup>2</sup>*Doctor of Philological Science,  
Professor of Al-Farabi Kazakh National University  
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: asemzhan@mail.ru*

### **Characteristics and Signs of Féerie (Based on Examples of Literary Works of the Early XX century)**

**Abstract.** “Féerie” is a term often associated with magic that is found in various forms of artistic expression, including literature, theater and visual arts. The relevance of the article is characterized by the analysis of the “féerie” in the genre and structural aspect in the context of structure and composition in general fiction and on the examples of the works of A. Green “Scarlet Sails”, M. Maeterlinck “Blue Bird, Lesya Ukrainka “Forest Song”. On the basis of examples of works of art taken for analysis, a comprehensive presentation of the nature of the “féerie” in a literary context is carried out. The purpose of this article is to reveal the originality of the “féerie” and its manifestations in the work. Comparative and generalizing methods were used in the analysis of the “feerie” based on the texts of works of art. Special attention was paid to the consideration of characters, situations, quarrels, images that are considered separate components of the “féerie”. The works also reflect the interaction of “féerie” with other genre types (fairy tale, mythology, fantasy) and the integration of their personal qualities. Thus, a comparative analysis of the features of “féerie” in various works allowed us to identify the most important criteria for determining the genre of “feerie”. It was possible to show the genre nature of literary “féeries” written at the beginning of the XX century, to identify their common features and features through textual comparison. As a result of the research, it is concluded that the “féerie” in artistic works partially retains its properties inherent in the theatrical sphere.

**Keywords:** feerie, genre conventions, formal signs, féerie effects, fantastic elements, metamorphoses.

**Е.А. Ескермес<sup>1</sup>, А.Ж. Жапарова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*магистрант Казахского национального университета имени аль-Фараби  
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: ayeskermesova@mail.ru*

<sup>2</sup>*доктор филологических наук, профессор  
Казахского национального университета имени аль-Фараби  
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: asemzhan@mail.ru*

### **Характеристика и признаки феерии (на примерах произведений литературы начала XX века)**

**Аннотация.** «Феерия» – это термин, который часто ассоциируется с волшебством, присущим различным формам художественного самовыражения, включая литературу, театр и изобразительное искусство. Актуальность статьи характеризуется анализом феерии в жанровом и структурном аспекте в контексте структуры и композиции в общей художественной литературе и на примерах произведений А. Грина «Алые паруса», М. Метерлинка «Синяя птица», Леся Украинки «Лесная песня». На основе примеров художественных произведений, взятых на предмет анализа, осуществляется всестороннее изложение природы феерии в литературном контексте. Цель данной статьи – выявить своеобразие феерии и ее проявления в произведении. При анализе феерии на основе текстов художественных произведений применялись сравнительные и обобщающие методы. Особое

внимание было уделено рассмотрению персонажей, ситуаций, ссор, образов, которые считаются отдельными составляющими феерии. В произведениях также отражено взаимодействие феерии с другими жанровыми видами (сказкой, мифологией, фэнтези) и интеграция их личностных качеств. Таким образом, сравнительный анализ особенностей феерии в различных произведениях позволил выявить важнейшие критерии определения жанра феерии. Удалось показать жанровую природу литературных феерий, написанных в начале XX века, выявить их общие черты и особенности посредством текстового сравнения. В результате исследования делается вывод, что в художественных произведениях феерия частично сохраняет свои свойства, присущие театральной сфере.

**Ключевые слова:** феерия, формальные признаки, феерические эффекты, фантастические элементы, метаморфозы.

### Кіріспе

Жанр категориясы кез-келген шығармаға қатысты. Сондықтан жанрдан тыс шығармаларды да кездестіру мүмкін емес. XX ғасырдың белгілі әдебиеттанушысы М.М. Бахтин жазғандай: «Туынды тек белгілі бір жанр формасында ғана туынды болуы мүмкін» [1, 14-б.]. Әрине, жаңа заман әдебиетінде әртүрлі жанрлық құрылымдарды біріктіретін және өздерінен бөлек типтегі көркемдік тұтастықты құрайтын туындылар да жиі кездеседі.

Шығарманың екі немесе бірнеше жанрларды біріктіруінің сирек кездесетін мысалы – повесть-феерия немесе феерияның өзге де белгілі әдеби жанрлармен қосындысы. Әдеби жанр ретінде феерияға берілген бірнеше анықтама бар: «Әдебиеттегі феерия дегеніміз – сюжеттің толықтығын, мәтіннің негізгі идеясын ашу үшін сиқыр немесе тылсым элементтерін қолдану» [2, 520–521-бб.]. Бұл жанр категориясына мысал ретінде Александр Гриннің «Алқызыл желкен» повесть-феериясы келтіріледі. Бастапқыда бұл термин фантастикалық сиқырлы көріністер орын алатын, сахналық эффектілер қолданылатын театр немесе цирк қойылымдарының жанрына қатысты қолданылған. Мұндай феерия Италияда XVII ғасырда пайда болды. Кейінірек XVIII–XIX ғасырларда феерия жанры еуропалық театр, опера өнері мен балет өнерінде белсенді қолданылды. XX ғасырдың басында кинода кең таралған жанр болды (1914 жылға дейін). Сонымен қатар, «феерия» терминімен кейде Ғажайып елдің (фр. Féerie, ағылш. Fairyland) және оларға ұқсас британдық және француздық ертегілердің, кейінгі әдеби шығармалардың (мысалы, Paul J. McAuley ғылыми-фантастикалық романының атауы) атаулары аударылады. Бұл термин алғашында театр саласына қатысты қолданылған болса да, әдеби жанр ретінде оның міндетті қасиеттерін көрсете отырып жан-жақты зерттеу, сондай-ақ жанраралық формацияларын талдау бүгінгі күнде аса маңызды. XX ғасырдың бірінші ширегінде жазылған әдеби шығармалардың негізгі сипатын танытатын феерияның табиғатын қарастыру осы тұрғыдан пайымдағанда өзекті.

Феерия термині қойылым жанрын жарнамалау үшін неғұрлым қалыптасқан сипаттамалық терминдермен бірге қолданылатын сын есім ретінде пайда болды. Алғашқы феериялардың көпшілігі «мелодрама-феерия» ретінде жарнамаланды. 1800–1810 жылдар аралығында ұсынылған барлық феериялардың жартысы осылай аталды. 1810 жылға қарай бұл сипаттама сәннен шықты. 1840 жылдары Мим Дебюро жасаған «пантомима-феерия» өте танымал болды. Басқа да танымал болған сипаттамалар қатарында фоли-феерия (folie-feeries) мен комедия-феериялар бар. Музыкаға баса назар аударған опера-феериялар алғаш рет 1820 жылдары өркендеді. Ал драматургтер жазған әзіл-сықақ қамтылған пьеса-феериялар аса танымалдылыққа ие болды. Бұл стильдің кең таралғаны соншалық, пьеса-феериялар жай феерия ретінде қабылданып, жанр стандартына айналды [3; 4].

Әуелден феерия сөзі фантастикалық таңғажайып көрініс жасау үшін әсерлер көрсетілген театр спектакльдері немесе цирк қойылымдарының жанрын айқындау үшін қолданылған. Француз тілінен «пері, сиқыршы» (fée, fées) деп аударылады.

Театр жанры ретінде феерия ертегілер эстетикасын қолдана отырып музыканы, ән мен биді, пантомима мен акробатиканы үйлестіреді. Феерияның сәтті шығуы либретто авторының, хореографтың, декоратор мен костюмер қиялының ұшқырлығына, бірегейлігіне, қойылым кезінде техникалық және өзге мамандардың шеберлігіне байланысты. Себебі бүкіл ойын-сауықтың сиқырын көрсететін түрленімдер мамандар арқылы жасалады: орманның мұхитқа, бақаның келбетті ханзадаға, асқабақтың күймеге айналуы және т.б. Әрбір көрініс апофеоз болуы керек және көрерменге жоғары дәрежеде ұсынылуы керек [4]. Бұл термин театр қойылымдарында шығармалардың финалдық, салтанатты көріністері үшін қолданылды, соның нәтижесінде ауызекі сөйлеуде оқиғаның не құбылыстың шарықтау шегі мағынасына ие болды [3, 2-б.].

Феерия сюжеттері әдетте француздың дәстүрлі ертегілеріне, мысалы, Шарль Перро мен Мадам д'Онуаның ертегілеріне, өзге де хикаяттарға негізделген немесе өзіндік сюжеттер құрастырылған. Толық метражды феериялар көбінесе бірнеше сағатқа созылған [5, 279-б.]. XIX ғасырда жанрдың бірнеше формасы белгілі болды: мелодрама, опера, балет және пьеса.

Феерияны жалпы жанр ретінде зерттеу XX ғасырдың алғашқы ширегінде басталады. 1910 жылы француз жазушысы Поль Жинистидің «Феерия» кітабы басып шығарылды. 1976 жылы Кэтрин Сингер Ковачтың «Жорж Мельес және феерия» атты еңбегі жарық көрген болатын. Ал 1993 жылы Джон Маккормиктің «XIX ғасырдағы Францияның белгілі театрлары» еңбегі атаулы жанрды да қамтиды. Ғылыми мақала материалдарының негізі ретінде Мартин Бэнхэм, Лоуренс Сенелик, Джек Зайпс, Кэтрин Сингер Ковач, Джон Маккормик, Поль Жинисти, Саймон Уильямс, Брюс Моэн, Павел Медведев, Борис Александрович Гиленсон, Леонид Андреев сынды жазушылар, әдебиеттанушылардың «феерия» жанры жайлы жинақтаған деректері пайдаланылды. Сонымен қатар, жанрға мысал келтіру мақсатында шетел авторлары Морис Метерлинк, Леся Украинка, Александр Гриннің XX ғасырдың бірінші жартысында жарық көрген әдеби туындылары қарастырылды. Бұл аталған авторлардың феерия туындыларын XXI ғасыр зерттеушілері әртүрлі аспектіде қарастырды (Ю. Десятова 1999, М.К. Кадубина 2004, В.П. Булычева 2014, А.О. Ключерова 2017). М.К. Кадубина «Орман әнінің» жанрлық табиғатын зерттей келе, туындыда ертегі мен трагедия жанрларының қосылғаны туралы қорытындыға келеді. Ал Ю.А. Левчук осы драма-феерияны тек жоғарыдағы аталған екі жанрдың симбиозы деуге келіспей, мұнда драма, поэма, аңыз, мифтің көрінісі бар деген ой айтады. Сондай-ақ, зерттеуші өзінің «Шетелдік топос жағдайында ұлттық мифологеманы өзектендіру» мақаласында мифологема зерттеліп отырған драма-феерия жанрының негізін құрайды деп есептеген. В.П. Булычева А. Гриннің «Алқызыл желкендер» повесть-феериясының жанрлық ерекшеліктерін атап өтіп, шығарманы көркем шытырман оқиғалы проза мәнмәтінінде қарастырады. А.О. Ключерова А. Грин феериясының мәтіндік метафоралық өрісін зерделейді.

Шетелдік әдеби феериялар құрылымының зерттелу бағытын айқындайтын бұл еңбектерде туындының жанрлық табиғатын білдірер ерекше белгілері аталып өтіледі, мәтіндік талдаулар арқылы теориялық тұжырымдар жасалады. Біздің де мақсатымыз XX ғасырдың алғашқы ширегінде жазылған әдеби феериялардың басты компоненттерін салыстыру арқылы ортақ белгілерін, ерекшеліктерін және даралығын анықтау болып табылады.

### **Зерттеу әдістері**

Ғылыми мақалада теориялық, эмпирикалық деңгейдегі әдістер қолданылды. Зерттеу барысында шетелдік зерттеушілердің «феерия» түсінігі туралы деректерін, энциклопедиялық

әдебиетті хронологиялық бірізділікпен талдау әдісі белсенді қолданылды. XX ғасыр феерияларының жанрлық-композициялық құрылымы талданды; зерттеу объектілерінің арасында өзара салыстыру жасалынып, синтезделді. Қолданылған зерттеу әдістерінің нәтижесінде объектілерге сүйеніп жасалынған феерия туралы тұжырымға қол жеткіздік.

### Талдау мен нәтижелер

Бұл зерттеу XX ғасырдың 1-ші ширегінде жарық көрген феерияларға негізделген. Феерияны дәлірек түсіну үшін бұл ұғымды толығырақ қарастырған жөн. Қолданыс аясына қарай екі саладағы зерттеушілердің сипаттамаларын келтіруге болады.

Театр саласындағы пікірлерге тоқталсақ, феерия сиқыр, фантастика немесе табиғаттан тыс тылсым элементтерге негізделіп қойылатын француз шоуының түрі; өндірістік игіліктер мен сахналық жабдықтарға толықтай тәуелді. Жанр өзінің фантастикалық сюжетімен, керемет көрнекіліктерімен, әсіресе сәнді декорацияларымен және механикалық түрде өңделген сахналық эффекттерімен танымал [6, 605-б.].

Саймон Уильямстың айтуына сүйенсек, жоғарыда аталған ғайыптан орын алатын түрленім элементтері және өзге де таңғажайыптар жанр стилінің ең маңызды компоненті болып есептеледі, тіпті оқиға желісінен де көңіл аударарлық дүние болып саналады. Бұл жанрдағы қойылымдар мақсаты – анық белгіленген мелодрамалық моральді жеткізуде әдеттен тыс элементтерді қолдану [7].

Кэтрин Сингер Ковач өзінің «Жорж Мельес және феерия» еңбегінде феерия да мелодрамалар секілді зұлымдық пен жақсылықтың әсерлі тартысын көрсететінін айтады. Алайда, мелодрамада бұл қарама-қайшылықтың тек бар екені белгілі болса, феериялар бұл күштерді сиқыршылар, ергежейлілер мен өзге де тылсым тіршілік иелерінің кейінде жандандырып, символикалық сипат беріп көрсетеді. Ал өнегелік сарыны махаббат, борыш, ізгілік сентенцияларымен, диалогымен күшейтіледі [3, 1-б.].

Классикалық мифологияны желі негізі ретінде алған феерия жанрына жататын алғашқы қойылым XVII ғасырдың ортасында Францияның Дю Марэ театрында қойылған. 1806 жылы Гете-Монпарнас театрында қойылған *Le Pied du mouton* бұл жанрдағы нағыз жетістікке жеткен, қайта жанданған феерия болды [6, 605-б.]. Сахналық жабдықтың арқасында ғажайып көріністер пьесада қиындықсыз қойылады: портреттер қозғалысы, адамдардың ұшуы, адамдардың гитаристерге айналуы, заттардың жоғалуы. Ақыр соңында, махаббат бәрін жеңеді, ал перілер жақсылықтың зұлымдыққа қарсы жеңісін қамтамасыз ету үшін тағы бір рет араласады. *Le Pied du mouton* бұл жанрдағы үлкен жетістік болды және феериялардың стандартты түрін кодификациялады: басты кейіпкер немесе кейіпкерлер қызықты көріністерде бірқатар шытырман оқиғаларға ұшырауын баяндау, көбінесе көрермендер алдында сиқырлы түрде түрленулер. Ғалымдар оны жанрдың нағыз квинтэссенциясы ретінде қарастырып келеді [8, 112-б.].

XIX ғасырдың ортасында феерия танымалдылығы шырқау шегіне жетеді. Сондай-ақ, сол заманның белгілі жазушыларының таңданысы мен құрметіне ие болады. Француз прозашысы әрі сыншысы Теофиль Готье феерияда орын алатын трансформациялар мен сиқырлы оқиғаларды түспен салыстырады: «Қандай тамаша жаздық көрініс десеңші феерия дегенің! Өзі ешқандай мұқияттылықты талап етпейтін, қисынсыз шешімі табылатын өңімізде жасайтын түс секілді. Ол формалардың, түстердің және жарықтардың симфониясы... Тамаша киінген кейіпкерлер әрдайым өзгеріп отыратын көріністер сериясында дүрбелеңге түсіп, есі шығып, қай жерде орын алып жатқаны түсініксіз әрекетті қайтарамын деп бірінің артынан бірі жүгіріп жүреді. Бірақ мұның не мәні бар? Көздің таңғалғаны кешті жақсы өткізу үшін әбден жеткілікті.»

Зерттеушілердің жоғарыда келтірген сипаттамалары феерияны күрделі драмалық жанр ретінде көрсетеді. Бұл тұрақты, жүйелі түрде кездесетін феерияның мазмұндық және

шарттық белгілері жанрдың негізін құрайды. Алайда туындының, автордың, оқырманның (көрерменнің), хронотоптың тұрғысынан алғанда бұл белгілер салыстырмалы болуы мүмкін.

XX ғасырдың бірінші ширегінде үш феерия жазылып, жарық көреді. Бельгиялық жазушы Морис Метерлинктің 1908 жылы жазған «Көк құс» пьесасын қазіргі аудитория феерия ретінде сипаттаған. Метерлинк – бельгиялық символизмінің ең көрнекті өкілі. Алғаш рет ол бірден мұқабаға оның жанрын – пьеса-феерия деп қояды. Осылайша термин театр ортасынан әдеби ортаға көшеді. «Көк құста» біз символика мен ертегі шарттылығымен кездесеміз. Бұл пьеса ересектерді де, балаларды да қызықтыратын көркем әдебиет туындыларының қатарына кіреді. Бір қарағанда қызықты, әсерлі ертегі сияқты көрінгенімен, «Көк құс» – табиғаттың тылсым күштері өмірдің мәнін ұғындыру мақсатында қойылым қоятын символикалық туынды, ересектер үшін философиялық ертегі [9, 134-б.].

«Көк құстың» сюжеті пьесаның динамизмін, оның оқиғалық толықтығын алдын-ала анықтайды. Шығарма астарлы сөздерге, тұспалдауларға, аллегорияларға толы. Пьесада 70-ке жуық әрекет етуші кейіпкерлер бар. Олардың қатарында феерияның фантастикалық элементі материалдық әлемнің жанданған дүниелері де бар (Тильтиль, Митиль, Пері, Ит, Мысық, Нан, От және т.б.). Метерлинк поэтикасының кеңістігі таңқалдырады. Онда шынайы көріністер отыншы балаларының ғажап саяхатының фантастикалық, әсерлі эпизодтарымен алмасады [10, 149-б.].

Өмірдің мәнін іздейтін кейіпкердің символикалық өмір жолын көрсету де феерия элементі болып саналады. Драматург Метерлинктің басты кейіпкері – балалар. Сыртқы келбеті ұсқынсыз болғанымен Берюлина перісі шын мәнінде өте мейірімді сиқыршы. Ол Тильтильге заттардың жанын көруі үшін, әлемнің құпиясына енуі үшін сиқырлы таяқша береді. «Жасырулыны көру үшін батыл болу керек», - деп сиқыршы әйел үйретеді. Осылайша, пері балаларды көк құсты іздеуге жібереді. Метерлинктің бала кейіпкерлері әртүрлі жұмбақ әлемдерге тап болады: Естеліктер елі, Түн сарайы, Зират, Бақыт бақтары, Болашақ патшалығы. Сондай-ақ, олар әрдайым өмірлік шындықты танып, өнегелік сабақ алады.

Туындының атауы символ ретінде айтарлықтай кең мәнге ие: ол бақытты да, ақиқатты да, болмыстың жоғарғы мәнін де білдіреді. Оны анықтауды Метерлинк оқырманның өз еркіне қалдырады. Құстың түсінің көк болуы жоғары маңызға ие. Көк түс – аспан түс, ол шексіздікті, жоғары қалықтауды, үздіксіз ұмтылысты білдіреді. Метерлинк символизмі романтизм поэтикасымен тығыз байланысты.

Орыс ойшылы, ақыны Николай Минский айтуы бойынша, «Көк құста» Метерлинк «бақытты іздеудің керегі жоқ, ол барлық жерде... ол біздің жанымызда. «Көк құс» ұзаққа, бәлкім мәңгілікке ең үздік феерия болып қалады. Феерия өзінің түпкі ой тереңдігімен балалардың тіпті күрделі ақиқаттарды түсінуіне, ал формасының айқындығымен ересектердің әлемге бала көзімен қарауына мүмкіндік береді».

Феерия поэтикасының маңызды элементтерінің бірі – феериялық эффект. Феериялық эффект – театр техникасы арқылы немесе актерлар жүзеге асыратын театрлық қойылымның элементі, сондай-ақ, пьеса барысында «сиқыр», «ғажайып», «табиғаттан тыс» құбылыстың символикалық мәніне ие. Бұл феериялық эффектілер санының ұлғаю үрдісі күлкілі операны, мелодраманы, пьесаны және тіпті балетті феерияға айналдыратын болса, олардың санының азаюы мен символикалық мәнінің күшеюі романтикалық мистерия немесе философиялық-символикалық драмаға алып келеді [11, 6-б.].

А.В. Маньковский анықтамасы бойынша, философиялық-символикалық драма дегеніміз – өмір мен өлім мәселесі кірістірілген феерия [11, 6–7-бб.]. Қарастырылып отырған пьеса-феерия өзінің философиялық ой тереңдігімен және жоғары символикалық мәнімен жоғарыда аталған ұғымға жақындығы байқалады.

XX ғасырда жазылған екінші әдеби феерия – «Орман әні». Бұл – украин жазушысы және ақыны Леся Украинка жазған үш актілі драма-феерия. Украина театрларында және одан тыс жерлердегі қойылымдарға арналған танымал шығарма. Алғаш рет 1918 жылы 22 қарашада Киев драма театрында қойылды.

Шығармада Мавканың талға айналуы, Лукаштың аңға түрленуі секілді ерекше метаморфоздар (трансформациялар) орын алуы, мифтік тіршілік иелері адамдардың жанында әрекет етуі – феерияның құраушы элементтері. Волынь шаруалары шынайы адамдардың прототиптеріне айналады, Леся әңгімелерін сүйіп тыңдайтын Лев Скулинский ағай мен Мавка бейнелері руханилық пен сұлулықты, ал Лукаш пен Акулинаның аналары – мейірімсіздік пен дөрекілікті бейнелейді. Лукаш осы қасиеттердің барлығын өз бойына біріктірген болатын. Махаббатымен бірге Лукаш сұлулықты сезіне алатын, шығармашылыққа қабілетін де жоғалтып, құбылғыш бейнеге (жартылай адам) айналып кетеді. «Орман әні» – бұл жақсылық пен жамандықтың өзара әрекеттесуі, адамның еркіндік үшін, сұлулық үшін, рухани бай өмір үшін күресі туралы терең ойлы философиялық шығарма.

М.К. Кадубина «Орман әнінің» жанрлық табиғатын зерттей отырып, бұл шығармада ертегі жанры идеалды әлем ретінде және трагедия жанры зұлымдыққа толы әлем ретінде қосылды деген қорытындыға келеді [12, 76-б.]. «Орман әні» жоғарыда аталған екі жанрдың симбиозы деп айтуға болмайды, өйткені мұнда драма, өлең, аңыз және миф жанрын көруге болады [13, 433–434-бб.]. Қарастырылып отырған феерияда аталған жанр ерекшеліктерінің бірігуі бар десек те, бұл интеграция үрдісі жалпы феерия ұғымына қатысты деп айта алмаймыз. Алайда, ертегі және миф, аңыз жанрлары феериямен өте жақын екенін айта кеткен жөн. Себебі, феериялар бастапқыда мифке негізделіп жасалған.

Хронологиялық рет бойынша, М. Метерлинк пен Леся Украинка шығармаларынан кейін жарық көрген үшінші әдеби феерия Александр Гриннің «Алқызыл желкендер» шығармасы болып саналады. 1923 жылы кітап болып басып шығарылған повесть-феерия бұл терминнің жаңа эволюциясын белгіледі. Алғаш рет бүтін бір повесть феерия қатарына жатқызылды.

«Алқызыл желкендер» – 1916 жылдан 1922 жылдар аралығында жазылған повесть-феерия. Оның басты кейіпкерінің есімі – Ассоль, ал «алқызыл желкендер» тіркесі әлдеқашан ғажайып пен бақытты ертегінің тұрақты символына айналған. Ұзақ уақыт бойы бұл хикаят ертегі ретінде қабылданып, солай түсіндірілді. Повестің бірінші бөлімінде Лонгрен қызымен сөйлескенде ырымшылдықты шындықпен, ал шындықты өзінің қиялымен байланыстырады деп айтылады. Бұл А. Гриннің шығармашылығының басты ерекшелігі деп айтуға болады.

Өзгеше таланты, білімі мен ұшқыр қиялы арқылы жазушы мүлдем айрықша романтикалық әлем жасайды. Сонымен бірге, бұл әлемде нақты проблемалар қозғалады. Капернаның халқы Лонгреннен теңізшінің ешнәрсеге аса назар аудармайтын мінезінен, пікірі бөлек болғандықтан сырт айналады. Сондықтан қызы Ассоль де өзінен-өзі қоғамдық өмірден шеттетіліп қалады және оның әкесінен қалған хикаялары ғана болатын. Қыз кездестірген кәрі Эгль Капернада ертегілер мен әндер айтылмайтынын, ал бар дегендері дөрекі әрі қарабайыр екендігін айтады. Эгль Ассольге керемет ертегіні болжап береді, себебі қыз жанының сұлулықты түсіне алатынын көреді. «Алқызыл желкендер» туралы болжамды естіген қала тұрғындары Ассольді күлкі етеді. Бірақ ол кереметтің орын алатынына сенді, сенім – оның жалғыз қазынасы болды.

Повестің екінші бөлігінде пайда болған Грей де өз ортасында бөтен кейіпкер. Оның да асыл қазыналары бар – армандары мен беймәлім дүниеге ұмтылысы. Сондай-ақ, ол жанашыр және мейірімді. Грей мен Ассоль асқан көркемдікпен бірдей әуестенетін ұқсас жандар. Егер Ассоль ғажаптың орын алатынына сенсе, Грей оны өз қолымен жасайды. Осылайша,

олардың арманы мен әрекеті ғажайыпқа, ал баянсыздық шындыққа айналады. Оқиғаның соңы бізге бақыттың қаншалықты еліктіргіш болғанымен, бұлдыр екендігін айтады.

«Алқызыл желкендер» – бұл повесть-феерия, сондықтан онда шытырман оқиғалы жанрға тән динамика, оқиғалардың тез алмасуы жоқ. Шығарма шебер психологизммен және асқақ дүние арасындағы қақтығыстың өткірлігімен ерекшеленеді. «Алқызыл желкендер» құрылысы бойынша сахнадағы декорация алмасуымен ұқсастығы оқиғаның повесть-феерия жанрына сәйкес келеді, яғни шығарма мифологиялық, ертегі элементтерін қамтиды [14, 102-б.].

Феерияның фантастикалық элементі толығымен басты кейіпкердің ой бейнесінде шоғырланған. Бұл фантастика философиялық сипатқа ие және ешқандай сыртқы әсерсіз (эффект) орын алады. Арман бейнесінде – Ассоль үшін тылсым жолмен орындалған арман бейнесінде.

Жалпы алғанда, тұтас феерия – жанданған ойыншық туралы әңгіме. Өйткені, нағыз феерия («сиқырлы көрініс») Лонгрен жасаған ойыншық алқызыл желкенді қайық Ассольдің қолына түскен кезде басталады. Осыдан кейін абайсызда ағынға түсіп кеткен кеме жанданып, шынайы қайық секілді жүзіп бара жатқандай болады. Осылайша, Ассоль символикалық нышан – алдымен, әдеттен тыс нәрсе туралы түсініксіз, бейсаналық белгі алады. Феерияның соңында да жанданған ойыншық оқиғасы ауқымды деңгейде қайталанатын. Ойыншық деп саналған кеме және Ассольдің арманы алқызыл желкенмен Грей жүзіп келген кезде шындыққа айналады [15, 233-б.].

Ассоль арманының тылсым ғажайыптан орындалғаны секілді ойыншықтың да шынайы кемеге айналуы феерия элементімен байланысты. Театр қойылымы ретінде мұндай ғажап құбылыстар техникалық жабдықты талап етсе, әдебиеттануда олай болуы шартты емес. Демек, ғажайып немесе түрленіс зерделі деңгейде, кейіпкер санасында орын алуы мүмкін.

Әдебиеттегі феерия – шығармадан алатын әсерді арттыру және шығарманың түпкі ойын жеткізу құралы ретінде феериялық эффект немесе оның өзге элементтерін қолдану. Ол бір туындының аясында өз алдына жеке әдеби жанр ретінде қолданылмайды, өзге жанр түрлерімен қатар жүреді (повесть-феерия, драма-феерия, пьеса-феерия). Сондай-ақ, феерия шығарманың формасына байланысты ертегі, мифология мен фэнтези элементтерін кіріктіруі мүмкін. Жасалған зерттеу мен талдау жұмыстары бойынша феерияның формальдық белгілерін жинақтап көрейік. Осы белгілер бойынша мысалдар төмендегі кестеде келтірілген (1-кесте).

• Феериялық эффект («ғажайып», «сиқыр», «тылсым құбылыс», «метаморфоз», «ұшу», «ғайыптан пайда болу», «жоғалу») – феерияның басты элементі;

- Ғажайыптың символдық мәнінің күшейтілуі және символдық белгілердің болуы;
- Феериялық эффект немесе ғажайыптың философиялық сипатта болуы;
- Бинарлық оппозиция немесе антитеза орын алуы;
- Кейіпкерлер – фантастикалық, мифологиялық фигуралар, жансыз заттар.

**1-кесте – Феерияның формальдық, мазмұндық белгілері және оған мысалдар**

Феерияға тән ортақ белгілер	М. Метерлинктің «Көк құс» пьесасы бойынша	Леся Украинканың «Орман әні» драмасы бойынша	А. Гриннің «Алқызыл желкендер» повесі бойынша
1	2	3	4
Ғажайыптың, трансформацияның орын алуы	Пьесада Рождество сананы өзгерту арқылы трансформация жасады: соқыр адамзат бір түнде көретін болып оянды.	Шығармада әдеттегіден тыс метаморфоздар орын алады (Лукаштың аңға айналуы)	Ассоль арманының, Эгль жорамалының шын өмірде орындалуы



1-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Символдық детальдің болуы	Көк құс – бақыттың, жан үйлесімділігінің, Рождество – жаңа өмірдің символы. «12» және «7» сандары да символикалық мәнге ие. Жарық жаны – жаңа өмірді білдірсе, түн – түнек пен белгісіздіктің белгісі.	Шығармада табиғат маңызды рөл атқарады. Сюжеттің өрбуіне белсенді қатысып, жоғары сұлулық пен үйлесімділікті бейнелейді.	Феерия арманды, жанның кіршіксіз тазалығын, нағыз махаббатты символдайды. Сондай-ақ, кеменің образы туралы да тақырып қозғалады. Кеме – адамның жаны болса, оның желкендері – жанның символы.
Бинарлық оппозиция принципінің көрінісі немесе құрамдас бөліктерінің күресі	От пен су, ит пен мысық	Жақсылық пен жамандық, руханилық – әдеттегілік (үйреншіктілік), ирреалдылық – шынайылық, құпия – айқындық, қараңғы әлем – жарқын әлем	Арман – шындық, үмітсіздік – жұбаныш сезімдерінің репрезентанттары
Фантастикалық фигуралардың (кейіпкерлердің) болуы	Жарық жаны, Пері Берилуона және аллегориялық кейіпкерлер	Мавка, «Прелесник», су перісі, Куц және өзге де ертегі, миф кейіпкерлері	Кәрі Эгль секілді ертегі кейіпкері

### Қорытынды

Мақалада Морис Метерлинктің «Көк құс», Александр Гриннің «Алқызыл желкендер», Леся Украинканың «Орман әні» шығармаларындағы феерияның әдебиеттегі қолданысының ерекшеліктері зерттелді. Орындалған зерттеу жұмысының нәтижесінде келесідей қорытынды жасауға болады: феерия – театр саласындағы дәстүрлі сипатын сақтап қана қоймай, әдебиеттануда әр түрлі жанрлармен белсенді түрде өзара әрекеттеседі және бір шығарма аясында олардың құрылымдық ерекшеліктерін біріктіреді.

Зерттеу жұмысын жазу барысында:

- 1) Зерттеушілердің театр аясындағы феерия жайлы еңбектері қаралды, жүйеленді;
- 2) Арнайы феерия туындысына арналған ғылыми мақалалар талданды;
- 3) Әдеби туынды талдауы бойынша феерияның жанрлық сипаты, белгілері анықталды;

Зерттеушілер пайымдарының да, өз бақылауларымыздың да контаминациясына негізделген феерия белгілері сипатталды.

Заманауи әдебиеттануда әртүрлі жанрлардың өзара әрекеттесуі арта түсуде. Нәтижесінде, құрылымдық қасиеттері бірге кездесетін біріктірілген немесе аралас жанр пайда болады. Мәтіннің құрылымдық-жанрлық талдауы үшін басты жанр мен қосалқы (екінші) жанрды ажыратып алу өте маңызды. Зерттеу жұмысынан алынған деректер әрі қарай феерияның басқа жанрлармен аралас формасын мұқият қарастыру керектігін көрсетеді.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Медведев П.Н., Бахтин М.М. Формальный метод в литературоведении. Критическое введение в социологическую поэтику. – М., 1993. – 144 с.
2. Будур Н. Феерия. Сказочная энциклопедия. – М.: ОЛМА-ПРЕСС, 2005. – 608 с.
3. Katherine Singer Kovács. Georges Méliès and the Féerie // Cinema Journal. – 1976. – Vol. 16. – No. 1. – P. 1–13.

4. Bibliothèque nationale de France. La féerie sur scène: les variantes formelles du conte de fées. Il était une fois...les contes de fées. – 2001. – P. 573. Féerie. The Cambridge Guide to Theater / edited by Martin Banham. – Cambridge University Press, 2000. – 1258 p. [Электронды ресурс]. URL: <http://public.credoreference.com/content/entry/cupthea/f%C3%A9erie/0> (қаралған күні 21.01.2023)
5. Kristian Moen. Film and Fairy Tales: The Birth of Modern Fantasy. – London: I.B. Tauris, 2012. – 279 p.
6. Féerie. The Cambridge Guide to Theater / edited by Martin Banham. – Cambridge University Press, 2000. – 1258 p. [Электронды ресурс]. URL: <http://public.credoreference.com/content/entry/cupthea/f%C3%A9erie/0>
7. Williams Simon. Féerie. The Oxford Companion to Theatre and Performance / Edited by Dennis Kennedy. – Oxford University Press, 2010. – P. 650.
8. Zipes Jack. The Enchanted Screen: The Unknown History of Fairy-Tale Films. – New York: Routledge, 2010. – 442 p.
9. История зарубежной литературы конца XIX – начала XX века: Учебник для филол. спец. ун-тов. / под ред. проф. Л.Г. Андреева. – 2-е изд. – М.: Высш. школа, 1978. – 472 с.
10. Гиленсон Б.А. История зарубежной литературы конца XIX – начала XX века: учеб. пособие для студ. фак. высш. пед. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2006. – 480 с.
11. Маньковский А.В. Романтическая «мистерия» в ее взаимодействии с другими жанрами: к проблеме генезиса философско-символической драмы в России (1800-е – начало 1880-х годов): автореф. дис. ... канд. филол. наук. – М.: Изд-во МГУ, 2008. – 26 с.
12. Кадубіна М.К. Жанрова природа «Лісової пісні» Лесі Українки // Вісник Харківського національного університету імені В.Н. Каразіна. Серія «Філологія». – 2004. – №607. – С. 431–436.
13. Левчук Ю.А. Актуализация национальной мифологемы в условиях иностранного топоса («Лесная песня» Леси Украинки). – Tbilisi: TSU Shota Rustaveli Institute of Georgian Literature, 2013. – V. II. – 436 с.
14. Булычева В.П. Творчество Александра Грина в контексте приключенческой прозы // Приволжский научный вестник. – 2014. – №6 (34). – С. 101–105.
15. Ключерова А.О. Текстовое метафорическое поле феерии А.С. Грина «Алые паруса» // Вестник БГУ. – 2017. – №4 (34). – С. 230–235.

#### REFERENCES

1. Medvedev P.N., Bahtin M.M. Formalnyi metod v literaturovedenii. Kriticheskoe vvedenie v sociologicheskuiu poetiku [A formal method in literary criticism. A critical introduction to Sociological Poetics]. – М., 1993. – 144 s. [in Russian]
2. Budur N. Feeria. Skazochnaia enciklopedia [Feerie. The Fabulous Encyclopedia]. – М.: OLMA-PRESS, 2005. – 608 s. [in Russian]
3. Katherine Singer Kovács. Georges Méliès and the Féerie // Cinema Journal. – 1976. – Vol. 16. – №1. – P. 1–13.
4. Bibliothèque nationale de France. La féerie sur scène: les variantes formelles du conte de fées. Il était une fois...les contes de fées [The fairy tale on stage: the formal variants of the fairy tale. Once upon a time...fairy tales]. – 2001. – P. 573. Féerie. The Cambridge Guide to Theater / edited by Martin Banham. – Cambridge University Press, 2000. – 1258 p. [Electronic resource]. URL: <http://public.credoreference.com/content/entry/cupthea/f%C3%A9erie/0>– 2001. – 573 p. (qaralghan kuni 21.01.2023) [in French]
5. Kristian Moen. Film and Fairy Tales: The Birth of Modern Fantasy. – London: I.B. Tauris, 2012. – 279 p.
6. Féerie. The Cambridge Guide to Theater / edited by Martin Banham. – Cambridge University Press, 2000. – 1258 p. [Electronic resource]. URL: <http://public.credoreference.com/content/entry/cupthea/f%C3%A9erie/0>
7. Williams Simon. Féerie. The Oxford Companion to Theatre and Performance / Edited by Dennis Kennedy. – Oxford University Press, 2010. – 650 p.

8. Zipes Jack. The Enchanted Screen: The Unknown History of Fairy-Tale Films. – New York: Routledge, 2010. – 442 p.
9. Istorija zarubejnoi literatury konca XIX – nachala XX veka [The history of foreign literature of the late XIX – early XX century]: uchebnyk dlia filol. spec. un-tov. / pod red. prof. L.G. Andreeva. – 2-e izd. – M.: Vyssh. shkola, 1978. – 472 s. [in Russian]
10. Gilenson B.A. Istorija zarubejnoi literatury konca XIX – nachala XX veka [The history of foreign literature of the late XIX – early XX century]: ucheb. posobie dlia stud. fak. vyssh. ped. ucheb. zavedeniy. – M.: Izdatelskiy centr «Akademiia», 2006. – 480 s. [in Russian]
11. Mankovskiy A.V. Romanticheskaiia «misteria» v ee vzaimodeistvii s drugimi janrami: k probleme genezisa filosofsko-simvolicheskoi dramy v Rossii (1800-e – nachalo 1880-h godov) [Romantic “Mystery” in its Interaction with Other Genres: on the Problem of the Genesis of Philosophical and Symbolic Drama in Russia (1800s – early 1880s)]: avtoref. dis. ... kand. filol. nauk. – M.: Izd-vo MGU, 2008. – 26 s. [in Russian]
12. Kadubina M.K. Janrova priroda «Lisovoï pisni» Lesi Ukraïнки [Genre nature of Lesya Ukrainka's “Forest Song”] // Visnik Harkivskogo nacionalnogo universitetu imeni V.N. Karazina. Seria «Filologia». – 2004. – №607. – S. 431–436. [in Ukrainian]
13. Levchuk Iu. A. Aktualizacia nacionalnoi mifologemy v usloviah inostrannogo toposa («Lesnaia pesnia» Lesi Ukraïнки) [Actualization of national Mythologeme in the Conditions of Foreign Topose (Lesia Ukrainka’s «The Forest song»)]. – Tbilisi: TSU Shota Rustaveli Institute of Georgian Literature, 2013. – V. II. – 436 s. [in Russian]
14. Bulycheva V.P. Tvorchestvo Aleksandra Grina v kontekste prikluchencheskoi prozy [The books by A.Grin in the context of adventure prose] // Privoljskiy nauchnyi vestnik. – 2014. – №6 (34). – S. 101–105. [in Russian]
15. Kliucherova A.O. Tekstovoe metaforicheskoe pole feerii A.S. Grina «Alye parusa» [Metaphorical text field of the tale “Scarlet sails” by Alexander Grin] // Vestnik BGU. – 2017. – №4 (34). – S. 230–235. [in Russian]